

25 Маусым 2012

Еуроодақ Адам құқықтары мен демократия саласында стратегиялық шеңбер қабылдайды

Бүгін Шетелдік істер кеңесі Адам құқықтары мен демократия саласында стратегиялық шеңберді және Оларды практикалық іске асыру жөніндегі іс-әрекеттер жоспарын қабылдады. Еуропалық Одақ алғашқы рет саясаттың осы маңызды саласында бірыңғай стратегиялық шеңберді оны іске асыруға арналған кең ауқымды іс-әрекеттер жоспарымен бірге қабылдап отыр.

«Адам құқықтары менің бірінші кезекті басымдықтарымның бірі болып табылады және сыртқы байланыстар саласындағы біздің қызметімізде арқау болып өтеді. Осы жан-жақты пакетпен біз Еуроодақтың адам құқықтары саласындағы саясатының тиімділігі мен жариялылығын ұлғайтқымыз келеді. Сондай-ақ, мен Негіздемелік құжатты және Іс-әрекеттер жоспарын іс жүзінде іске асыруға көмектесу үшін, ЕО Адам құқықтары жөніндегі арнайы өкілін тағайындауды ұсындым және тағайындау жақын уақытта болады деп үміттенемін» деді, құжаттар пакетін қабылдағаннан кейін Шетелдік істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғарғы өкіл, Еуропалық Комиссияның вице-президенті Кэтрин Эштон.

Негіздемелік құжат кейінгі он жыл ішіндегі бір тұтас ретінде ЕО саясатының тиімділігі мен бірізділігін жақсарту үшін әзірленген қағидаттарды, міндеттер мен басымдықтарды белгілейді. Олар ЕО мүше-мемлекеттерінің және мекемелерінің қатысуымен шын мәніндегі ұжымдық жұмыс үшін келісілген негізді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Стратегиялық шеңбер азаматтық қоғаммен шын мәніндегі әріптестікке бейілділікті бекітеді. Негіздемелік құжат барлық азаматтар үшін барынша түсінікті және қолжетімді болатындай әзірленген.

Стратегиялық шеңберге мынадай негізгі аспектілер кіреді:

- ЕО саясатындағы адам құқықтары
- Адам құқықтарының әмбебаптығын жылжыту
- Дәйекті мақсаттарға жету
- ЕО сыртқы саясатының барлық стратегияларындағы адам құқықтары
- Адам құқықтары саласындағы ЕО басымдықтарын іске асыру
- Екі жақты қатынастар шеңберінде әріптестермен жұмыс
- Көпжақты мекемелер арқылы жұмыс
- ЕО-да бірлесіп жұмыс істеу

Стратегиялық шеңбер «ЕО сыртқы қызметінің ортасында – тиімдірек тәсілге жолдағы адам құқықтары мен демократия» атты Бірлескен коммюникеге негізделеді. Бұл коммюникені Еуропалық Комиссия 2011 ж. 12 желтоқсанда Кэтрин Эштонның ұсынысымен қабылдады. Өз кезегінде, бұл коммюнике, 2010 ж. Кордоба қ. ЕО сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуі (Гимних) барысында басталған ұзақ мерзімді консультациялар үдерісінің нәтижесі болды.

36 атаумен өзіне 97 іс-шара кіретін Адам құқықтары мен демократия саласындағы ЕО іс-әрекеттер жоспары, оны іске асыруға бірлесіп жауапты Еуропалық комиссияның және ЕО мүше-мемлекеттерінің қатысуымен Еуропалық сыртқы байланыстар қызметі (ЕСБО) өткізген консультациялар негізінде дайындалды. Сондай-ақ бейресми консультацияларды Еуропалық Парламент және ҰЕҰ мүшелері де жүргізді. Іс-әрекеттер жоспары 2014 ж. 31 желтоқсанға дейінгі кезеңді қамтиды.



Еуропа Одағы өздерінің технологияларын, ресурстары мен тағдырларын біртіндеп бірлестіруге шешкен 27 мүше мемлекеттермен құрылған. 50 жылға созылған бірігу барысында олар бірлесіп тұрақтылық, демократия мен тұрақты даму аймағын құрып, сонымен бірге мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандықтарын сақтады. Еуропа Одағы шекарасынан тыс барлық елдер мен халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөліседі.

Іс-әрекеттер жоспарына сәйкес міндеттердің бірі, ЕО әлемдегі адам құқықтары мен демократия жөніндегі жыл сайынғы есебінде қойылған міндеттерді орындау жөніндегі өз жұмысының нәтижелерін ұсынуға тиісті екені болып табылады. Бұл ЕО саясатына мүдделі азаматтық қоғамды қоса, барлық адамдарға ЕО қызметінің әсерін бағалауға мүмкіндік беруге және болашақ басымдықтарды айқындауға үлес қосуға тиіс.

Тарихи анықтама

Адам құқықтары мен демократия саласында ЕО стратегиялық шеңберін қабылдау ЕО саясатын жасау барысында күрт өзгерісті кезең болып табылады. ЕО-да адам құқықтары мен демократия туралы мәлімдемелердің ұзын каталогы бар, бірақ бұл құжаттардың жекелеген мәселелерге немесе елдерге қолданылу үрдісі болған. Уақыт өте ЕО «басқару қағидаларының» және басқа саяси нұсқаулардың жиынтығын әзірледі, бірақ бірыңғай стратегиялық құжат бірінші рет қабылданып отыр. Бұл Лиссабон шартына сәйкес ЕО уәдесін орындағанын көрсетеді, ол мынадай міндеттемелер енгізді:

«Халықаралық аренадағы өз жұмысында Одақ оның құрылуын, дамуы мен кеңеюін рұхтандырған қағидаттарды басшылыққа алуға тиіс және оларды әлемде кеңірек жылжытуға ұмтылатын: атап айтқанда: демократия, заң үстемдігі, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарының әмбебаптығы мен тұтастығы, адамның қадір-қасиетін құрметтеу, теңдік және ынтымақтастық қағидаттары, сондай-ақ БҰҰ Хартиясының және халықаралық құқықтың негізін қалаған қағидаттарды сақтау.»

Стратегиялық шеңберлерді және Іс-әрекеттер жоспарын іске асыруға ықпалдасу мақсатында Жоғарғы өкіл Адам құқықтары жөніндегі ЕО Арнайы өкілін тағайындауды ұсынды. Бұның мақсаты адам құқықтары саласындағы ЕО саясатының тиімділігі мен жариялылығын арттыру болып табылады. Үздіксіздікті қамтамасыз ету үшін бастапқы тағайындау 2 жыл мерзімге ұсынылды.

ЕО Арнайы өкілінің жағдайларға бейімделе алуға мүмкіндік беретін кең және икемді мандаты болуы тиіс, сондай-ақ оған толық қолдау көрсететін ЕСБО-мен тығыз байланыста жұмыс істеуі тиіс.

Қосымша ақпарат: http://eeas.europa.eu/human_rights/index_en.htm бар.

Жақын арада сөйлеген сөздер:

[Statement on EU annual report on human rights and democracy](#)

[Statement on Salafranca Report – EUSR on human rights](#)

Соңы

Қосымша ақпарат жөнінде ханым **Карлыгаш Джаманкулова**мен хабарласыңыз тел.: +7 (7172) 97-11-48 немесе эл. почта: karlygash.jamankulova@eeas.europa.eu

Еуропа Одағының Қазақстан Республикасындағы өкілдігі
010000 Астана қ., Космонавттар к-сі, 62
Тел.: (7172) 97-10-40
факс: (7172) 97-95-63



Еуропа Одағы өздерінің технологияларын, ресурстары мен тағдырларын біртіндеп бірлестіруге шешкен 27 мүше мемлекеттермен құрылған. 50 жылға созылған бірігу барысында олар бірлесіп тұрақтылық, демократия мен тұрақты даму аймағын құрып, сонымен бірге мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандықтарын сақтады. Еуропа Одағы шекарасынан тыс барлық елдер мен халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөліседі.